

## TIER 2

АҚШ-тың Діни бостандық жөніндегі халықаралық комиссиясы (USCIRF) - шетелде дін немесе сенім бостандығын бақылайтын тәуелсіз, АҚШ-тың екі партиясы қолдау көрсететін федералдық үкімет комиссиясы. 1998 жылы Халықаралық діни бостандық актісімен (IRFA) құрылған USCIRF шетелде діни бостандық немесе сенім бұзушылықтарын бақылау үшін халықаралық стандарттарды қолданады және президентке, мемлекеттік хатшыға және Конгреске саяси ұсыныстар жасайды. USCIRF - АҚШ мемлекеттік департаментінен бөлек және айырым бір ұйым. 2019 жылғы Жылдық есеп беру Өкілдер мен кәсіби қызметкерлер құжаттаған іс бойынша қиянаттар мен АҚШ үкіметіне тәуелсіз саяси ұсыныстарды жасау арқылы жылдық жұмыстың шарықтауын көрсетеді. 2019 жылғы Жылдық есеп беру 2018 жылдың қаңтарынан бастап 2018 жылдың ақпанына дейінгі кезеңді қамтиды, алайда кейбір жағдайларда бұл мерзімге дейін немесе кейін орын алған елеулі оқиғалар да көрсетілген. USCIRF туралы толығырақ ақпаратты [осы](#) вебсайттан қараңыз немесе USCIRF кеңсесіне тікелей 202-523-3240 телефоны арқылы хабарласыңыз.

### Қазақстан

**Зерттеудің негізгі нәтижелері:** 2018 жылы, кей оң өзгерістер болғанына қарамастан, Қазақстан үкіметі діни сенім бостандығын бұзуды жалғастырды. Бір жыл ішінде діни қызмет саласында әкімшілік қудалау саны айтарлықтай 2017 жылы 279 істен 2018 жылы 165 іске дейін азайды. Құқық бұзушылықтар діни жиналыстарға бару және миссионерлік қызметке қатысу үшін кішігірім әкімшілік құқық бұзушылықтарды қамтыды. Осы істердің 139-ы жазалау әрекеттеріне алып келді: айыппұлдар, түрмеге қамау және еркіндікке әр түрлі шектеулер қою — 2017 жылмен салыстырғанда жазалау сол жылы 259 істі құрды. 2018 жылы қазан айында, 2003 жылдан бері алтыншы рет Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтті, бұл Қазақстанның имиджін діни плюрализмнің белгісі және діни алуан түрліліктің тарихи орталығы ретінде көтерді. 2019 жылы 29 қаңтарда, есеп беру кезеңінен кейін үкімет елдегі 2011 жылғы шектеулі дін туралы заңға ұсынылған бірқатар түзетулерден күтпеген жерден бас тартты. Көптеген бақылаушылар бұл түзетулер Қазақстанда діни бостандықты азайтуға қатаң шараларды қабылдау басталады деп қауіптенді. Өзгерістерден бас тарту туралы шешім парламенттік пікірталасан соң бір жарым жылға жуық уақыттан кейін қабылданды. Бұл оң үрдістер діни сенім мен тәжірибеге қатысты үкіметтің репрессивтік саясатын жалғастырумен тұспа-тұс келді: мысалы, үкімет жалпы халықтың діни көзқарастары мен тәжірибесін ресми түрде жүйелі қадағалауын жалғастырды. Ондаған адамдар қамауға алынды және/немесе оларға айыппұл салынды немесе олардың бостандықтарын шектейтін үкім шығарды және кем дегенде бес іс бойынша діни наным-сенімдерді бейбіт жолмен көрсеткені үшін тұлғаларды ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырды. Сонымен қатар,

Қазақстан үкіметі дінді саясаттандыруын жалғастырды; ол жиі өз қарсыластарын діни экстремизммен айыптады, ал кей жағдайларда оларға қарсы террористік істерді қолдан жасады. Үкімет әсіресе прозелитизм, шетелдегі діни қозғалыстармен немесе институттармен байланыста болу, ресми саясатты сынау немесе ол бойынша көзқарастарында айырмашылық болудан күдіктенуді жалғастырды.

Осы мәселелер негізінде, “Халықаралық діни бостандық туралы” Заң (IRFA) бойынша діни сенім бостандығы бұзушылықтарына жол бермеу немесе оны «жүйелі, тұрақты, икемді» стандарттағы элементтердің кем дегенде біреуіне сәйкес келетін «ерекше алаңдаушылықты тудыратын ел» деп тағайындап 2019 жылы USCIRF Қазақстанды қайтадан 2-ші топтағы тізімге қосты.

### **АҚШ үкіметіне ұсыныстар**

- АҚШ пен Қазақстанның стратегиялық серіктестік диалогы және басқа екі жақты өзара қарым-қатынастарға діни бостандық пен оған қатысты адам құқықтарына артықшылық беруді және Қазақстан үкіметінен келесілерді орындауды талап ету:
  - Діни азшылықтарды азаптау мен қудалау үшін жиі қолданылатын діни тіркеу туралы заңдарды жою немесе өзгерту;
  - Азаматтардың бейбіт діни көзқарастары мен іс-әрекеттеріне байланысты ұстауды және үкім шығаруды тоқтату; және
  - Әскери міндеттілікті ар-ождан немесе діни көзқарастары үшін орындаудан бас тартатын тұлғаларға әскери қызметке баламалы қызмет көрсету тәсілін қамтамасыз ету;
- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін барлық діни-сенім өкілдері қатысу үшін Қазақстан үкіметіне қолдау көрсету; және
- Қазақстандағы оқиғалар туралы, оның ішінде діни сенім бостандығына қатысты цензурасыз ақпаратты таратуды жалғастыра алу үшін Азаттық Радиосы, Азат Еуропа Радиосы/Азаттық радиосының (RFE/RL) қазақстандық қызметін АҚШ тарапынан қаржыландыруды жалғастыруды қамтамасыз ету.

## Мағлұматтар

### Қазақстан

**Толық аты:** Қазақстан Республикасы

**Басқару нысаны:** Президенттік Республика

**Халық саны:** 18 744 548

**Үкімет мойындаған діндер/сенімдер:** Діни еркіндікті толық қамтамасыз ететін ресми зайырлы мемлекет. Іс жүзінде үкімет “дәстүрлі діндер” деп аталатын Ханафи мазхабындағы ислам және орыс православие христиандығына артықшылық береді.

#### **Діни демографиясы\*:**

70%-ы мұсылмандар (Ханафи мазхабындағы сүннит)

26%-ы христиандар (оның ішінде православиені ұстанушылар, протестанттар, католиктер және Иегова Куәгерлері)

3%-ы басқалары (еврейлер, буддистер, беһаизмді ұстанушылар және Харе Кришналар)

1%-ы Ханафи мазхабындағы мұсылмандар емес (шииттер мен суфий мұсылмандарын қоса алғанда)

\*Сандық көрсеткіштерді АҚШ мемлекеттік департаменті құрастырды

Қазақстан аумағы бойынша Орталық Азиядағы ең ірі мемлекет, ал халық саны бойынша Өзбекстаннан кейін екінші орында - оны 18 миллион тұрғыны бар. Халқының үштен екісі этникалық қазақтар - түркі халқы, ал қалғандары этникалық славяндар және өзбектер мен ұйғырлар тәрізді басқа түркі халықтары. Қазақстан этникалық орыс халқы (23,7%) көп тұратын Орталық Азиядағы жалғыз ел, олардың көпшілігі солтүстікте Ресей шекарасына жақын тұрады. Елді Нұрсұлтан Назарбаев 1990 жылдан бастап - ол кезде әлі де бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған және 2019 жылдың 19 наурызына дейін басқарды. Үкімет қарапайым азаматтардың құқықтарын елемеуіне байланысты халық наразылығы жиірек туындай бастаған кезде Назарбаев биліктен өз еркімен бас тартты. Назарбаев Кеңес Одағының ыдырауына белсенді түрде қарсылық білдіріп, Қазақстанның автономиясын ресейлік, қытайлық және американдық мүдделермен мұқият теңдестіру арқылы және азаматтық қоғам есебінен мемлекеттің қуатын кеңейту үшін ықтимал қауіпсіздік қатерін пайдалану арқылы 30 жыл бойы өз лауазымын сақтады.

XXI ғасырда Ресейден келген қауіп ислам экстремизмінің елесінен көлеңкеде қалды. Қазақстан бірнеше рет террористік шабуылға ұшырады, бұл авторитарлық билікті кеңейтуге сылтау ретінде жиі қызмет етті. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕКЫҰ) сайлауды бақылаушылары елдегі ешқандай сайлау еркін және әділ емес екенін және 2015 жылдың сәуір айындағы ең соңғы сайлауды қоса алғанда, президент 98 пайызға жуық дауысқа ие болғанын анықтады. Жаңа сайлау 2019 жылы 9 маусымға жоспарланған, сол уақытқа дейін сенаттың бұрынғы спикері Қасым-Жомарт Тоқаев уақытша президент қызметін атқарады. Назарбаев өз лауазымынан бас

тартқанымен, ол “Елбасы”, Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесінің басшысы және Қазақстанның билеуші саяси партиясы “Нұр Отан” партиясының басшысы болып сайланбаған рөлдерінде билікті сақтап қалады.

Онжылдықтар бойы Назарбаев діни плюрализмнің үлгісі ретінде Қазақстанның имиджін дамытуға тырысты. 2003 жылдан бері елде мерзімді түрде ресми Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтті, оған Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) және ЕҚЫҰ-ның бас хатшылары белгілі діни және саяси көшбасшылар қосылды. 2018 жылдың қазан айында Қазақстан 46 елден 80 делегат қатысқан “Экстремизм мен терроризмді жену” атты алтыншы съезін өткізді. Қазақстан үкіметі “экстремистік” деп санаған діни топтардың, мысалы, Иегова Куәгерлері, Саентология шіркеуі, Евангелиялық баптистердің одағы және Таблиғи жамағат өкілдері болған жоқ.

2011 жылғы діни заңға дейін, Қазақстан посткеңестік Орталық Азиядағы дін немесе сенім бостандығына қатысты ең төмен репрессивті елдердің бірі болды. Алайда діни заң мүше саны жоғары деңгейде болуын және тағы басқа күрделі тіркеу талаптарын орнатты және тіркелмеген діни қызметке, соның ішінде білім беру, әдебиетті тарату және діни адамдарды оқытуға тыйым салды. Басқа анық емес қылмыстық және әкімшілік жарғылар рұқсатсыз діни немесе саяси белсенділікті жазалауға мемлекет мүмкіндік береді. Діни топтарды полиция мен құпия полиция қадағалайды. Заңның тіркеу талаптарының нәтижесінде, тіркелген діни топтардың жалпы саны 2011 жылдан кейін шұғыл төмендейді, әсіресе “дәстүрлі емес” діни ұйымдардың саны 48-ден 16-ға төмендеді. Діни заң бойынша барлық діндер ресми түрде тең құқықта болса да, кіріспесінде «Ханафи мазхабындағы ислам мен православие христиандығының тарихи рөлін мойындайды». Мемлекеттік статистикаға сәйкес, есеп беру кезеңінің соңында Қазақстанда тіркелген 3732 діни бірлестік бар - олар жиі, бірақ әрқашан емес, жеке ғибадат үйінде көрсетілген: 2 599 мұсылмандық, 340 православие, 86 католик, 594 протестант, жеті еврей, екі буддист, алты бехаизм нысаны, екі Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелері шіркеуі және бір Біріктіру шіркеуі. Үкімет көптеген діни азшылық қауымдастықтарын заңды тұлғалар ретінде тіркелуін шектеді және жалған үкіметтік емес ұйымдар ретінде әрекет ететін, басқалар арасында әсіресе Иегова куәгерлері, Евангелиялық христиандар және салафит мұсылмандарына қарсы шыдамсыздықпен қарайтын «секталарға қарсы орталықтарды» қаржыландырды.

2018 жылы Қазақстан дінге қарсы келуді жаңарту және келісімділік позиция арасында өзгеріп тұрды. Тіпті сенатта, егер мақұлданатын болса, үкіметтің дінді қудалау мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтетін бірқатар түзетулер талқыланған болса да, Діни қызметке бағытталған істердің саны елеулі түрде төмендеді. Бұдан басқа, ұсынылған түзетулер пікірталастың кез келген түрін және тәсілін қамтитын, қазақстандық заңнама бойынша кеңінен анықталған заңды түрде басқаларды жаңа дінге бұруға болатындығын

шектейді. Балалардың ата-аналарының екеуі де діни іс-шараларға қатысуы үшін нақты мақұлдау туралы талап үлкен іс-шараларды ұйымдастыруға немесе балаларға білім беру үшін діни топтарға тағы бір үлкен кедергі келтіреді. Оған қоса, барлық ғибадаттар тек арнайы діни ұйымдарда ғана өтуі тиіс деген басқа талап қауымдастықтарға жеке кеңістіктің жетпеуі немесе жеке табыну еркіндігіне қол жеткізу тәрізді әділетсіз жүктемелерді тудырды.

## **2018 жылғы діни сенім бостандығының жағдайлары**

**Оң өзгерістер:** 2019 жылғы 29 қаңтарда, есеп беру кезеңнен кейін Қазақстан үкіметі елдегі 2011 жылғы шектеулі дін туралы заңға ұсынылған бірқатар түзетулерден бас тартты. Түзетулерден бас тарту туралы шешім бір жарым жылға жуық уақыттан соң парламенттік пікірсайыстардан кейін қабылданды және 27 қыркүйекте сенат мақұлдады, содан кейін түзетулерді соңғы қабылдау үшін төменгі палатаға тапсырды. 2018 жылы діни қызмет саласында әкімшілік қудалау саны айтарлықтай азайды: 2017 жылы 279 істен 2018 жылы 165 іске дейін. Осы істердің 139-ы жазалау әрекеттеріне алып келді: айыппұлдар, түрмеге қамау және еркіндікке әр түрлі шектеулер қою — 2017 жылмен салыстырғанда жазалау сол жылы 259 істі құрды. Жаз мезгілінде Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Әлеуметтік даму министрлігі болып өзгертілді және дінге қатысты мәселелер ресми тағайындаулардан алынып тасталды. Кейбір мұсылмандар өткен жылмен салыстырғанда 2018 жылы оларға қатынастың жақсарып жатқанын мәлімдеді. Өзін салафит мұсылманы деп сипаттаған бір кісі бұрын оны және оның достарын діни сеніміне қатысты полиция жиі тоқтатып, сұрақ астына салатынын, бірақ 2018 жылы бұл әрекет айтарлықтай тоқтағаны туралы мәлімдеді.

**Үкіметтің Таблиғи жамағат ұйымына мақсатты әрекеті:** Қазақстан елінде мұсылмандар көпшілік болса да, мемлекет ашық түрде зайырлы болып саналады және дінді бақылау керек әлеуетті қауп ретінде қарастырады. Мемлекет “дәстүрлі” Ханафи мазһабының сүннит мектебіне қолдау көрсетеді және артықшылық береді, ал негізгі ағымнан ауытқитын ислам тәжірибесіне күмәнмен қарайды. 2018 жылы, өткен жылдардағыдай, Қазақстан еліндегі мұсылмандар ең қудаланған топ болды: Діни жиналыстарды ұйымдастыру, өткізу немесе қатысу әрекеттері үшін жеке тұлғаларға қатысты 37 әкімшілік істердің 25-сі мұсылмандарға қатысты болды. Атап айтқанда, үкімет Таблиғи жамағат мұсылмандық миссионерлік ұйымының мүшелерін мақсатты әрекет жасауын жалғастырды. Таблиғи жамағат қозғалысын 2010 және 2012 жылдары арасында құпия полиция және Дін істері жөніндегі комитетінің тағайындаған ауқымды зерттеуі экстремистік немесе лаңкестік емес деп анықтаса да, 2013 жылы ол қозғалысқа «экстремистік» деп тыйым салынды. Таблиғи жамағат ашық түрде бейбітшілікке шақыралы және саясатқа қатысы жоқ. Дегенмен, Таблиғи жамағат ұйымының халықаралық ауқымы мен миссионерлік басымдығы Қазақстан үкіметінің наразылығын

жиі тудырады және бұл діни топтар ішінде шетелдік байланыстары бар күдікті болып қалуда немесе белсенді түрде прозелитизмге жатады.

2018 жылы 6 сәуірде Таблиғи жамағатқа мүше болғаны үшін сот Қазбек Лаубаев, Марат Қоңырбаев және Тасқали Наурызғалиевті үш жылға бас бостандығынан айырды. Олармен бірге айыпталған үш адамға айыппұл салынды және бостандығы шектелді, оған үй қамағы, белгілі бір жұмыстарды істей алмауы немесе ресми рұқсатсыз басқа қалаға баруға тыйым салыну жатады. 18-форумда полицияның жоғары лауазымды қызметкері алты адамның ешқайсысы зорлық-зомбылық жасаған жоқ немесе шақырған жоқ деп мойындады. 9 шілдеде Таблиғи жамағат ұйымының жеті мүшесіне бір-үш жылға дейін шектеулі бостандыққа үкім шығарылды. Олардың төртеуі қосымша 120 сағат қоғамдық жұмыстарды орындауға жазаланған. Тамыз айында жеті тұлғаның барлығы Қаржы министрлігінің қолдауымен “терроризмді немесе экстремизмді қаржыландырумен байланысты” адамдардың тізіміне қосылды. Тізімдегі адамдардың банк шоттары бұғатталды және олардың отбасылары мемлекет арнайы рұқсат берген жағдайда ғана шағын сомаларды ала алады. Тізімдегі адамдарға немесе олардың отбасыларына көмектесетін кез келген адам терроризмді қаржыландырумен байланысты заңды қауіпке ұшырайды. 2019 жылдың 9 қаңтарында есеп беру кезеңінен кейін, Әбілай Бөкбасаров Таблиғи жамағатқа мүше болғаны үшін Қазақстанда қамауда отырған 73-ші мұсылман болды. Ол үш жылға бас бостандығынан айырылды және босатылғаннан кейін оған бес жыл бойы діни қызметпен айналысуға тыйым салынады. Оны 15 ақпанда Қаржы министрлігінің тізіміне қосты.

***Ислам әдебиеті мен оқыту кітаптарына қысым көрсету:*** Бір жыл ішінде Қазақстан үкіметі азаматтарды діни әдебиеттерді иеленгені немесе таратқаны үшін жүйелі қысым көрсетті. 2009 жылдың ақпан айы мен 2018 жылдың мамыр айы аралығында үкімет “экстремизмге” қатысты 815 бұйымға тыйым салған. Үкімет барлық діни мәтіндерді цензуралайды, түрмеде діни материалдарға тыйым салады және діни материалдардың сату орындарын шектейді. 2018 жылы 19 қыркүйекте 65 жастағы ер адамға намаз оқу және Құран оқу бойынша ислам кітапшаларын сатқаны үшін үш апталық орташа жалақы мөлшерінде айыппұл салынды. Полиция маусым айында оған «діни келіспеушілікті қоздырғаны» үшін тергеуді бастады, бірақ тергеу кейін “қылмыстың болмауына байланысты” тоқта тылды. Одан кейін оған діни әдебиеттерді заңсыз таратқаны туралы айып тағылды. Айыппұлға қоса, сот кітапшалардың 85 данасы заңсыз емес, бірақ айыпталушы “оларға мұқтаж емес” болғандықтан кітаптарды жоюды бұйырды. 6 тамызда жұбайларға миссионерлік қызмет, сондай-ақ діни әдебиеттерді заңсыз шығаруы және таратуымен байланысты үш есе орташа айлық жалақысымен айыппұл салынды. Екеуі дәстүрлі мұсылман дұғаларын кітапшаларға жинап, жергілікті балаларға олардың ата-аналарының рұқсатымен үйреткен.

Мемлекетпен бақыланатын Мұсылмандардың діни басқармасын сынаған мұсылман теологиясының студенті Қуаныш Башпаевтың интернет-дәрістерін жариялағаны үшін бірнеше қазақстандық азаматтарға қатал үкім шығарды. 2017 жылы Башпаев бұл дәрістері үшін экстремизмге қатысты түрмеге қамалды және есеп беру кезеңінің соңында жеке қамауда бір жылдан астам уақыт өткізді. Ұлттық қауіпсіздік қызметтерінің тапсырысы бойынша дәрістерін бағалағанына, ондағы үш тәуелсіз сарапшының екеуі дәрістерді діни жеккөрушілікті тудырмайды немесе мемлекетті зорлық жасауға шақырмайды деп анықтағанына қарамастан, оның тұтқындалуы жалғасты. 2018 жылы 19 қазанда Ғалымжан Әбілқайыров дәрістерді Интернетте жариялағаны үшін жеті жыл және жеті айға сотталды. 16 қарашада тағы бір қазақстандық азамат Дадаш Мажанов дәл сондай қылмыс үшін еңбек лагерінде жеті жыл сегіз айға сотталды.

***Мектептерде орамалдарды киюге тыйым салынған:*** 2018 жылы оқу жылының басында үкімет қыздар балалардың мектептерде орамал тағуына қарсы жаңа күресті бастады. Бір мектепте бұрын ешқандай мәселесіз орамалдар тағып жүрген 200-ден астам қыз оларды шешуден бас тартқаны үшін шеттетілді. Жергілікті билік тарапынан мектеп ауылына жіберілген психологтар мен теологтар қыздарға орамалдарын шешуді көндірді, олардың 10-ы ғана келісті. Кейін билік органдары жеті қыздың ата-аналарына айыппұл салды. Басқа ауданда 13 қыздың ата-аналарының әрқайсысына қыздарын мектепке бас орамалымен жібергені үшін 380 АҚШ доллары айыппұл салынды. Мәлімдеме бойынша ондаған қыздар мектепке бара алмай отыр, өйткені олар жаңа шектелген киім-кешек саясатының талабын орындаудан бас тартқан. Жыл ішінде үкімет мемлекеттік мектептерде киім үлгісінің «қазақ халқының маңызды тарихи жетістіктерінің» мұрасы ретінде зайырлы киіну стилін қолдану құқығын сақтады. Ресми өкілдердің айтуынша, көнбейтін қыздар “дәстүрлі емес” діни топтардың нәтижесі болып саналады және еліміздің зардап шеккен аймақтарында діни экстремизмге қарсы күрес үшін бас орамалдарына тыйым салу керек.

***Ислам экстремизміне ерікті айыптаулар:*** Қазақстандық адам құқықтары жөніндегі топтар, Адам құқықтары жөніндегі Қазақстанның Ххлықаралық бюросы және тәуелсіз қазақстандық журналистері Қазақстан үкіметі өзінің саяси жауларын қудалау үшін діни экстремизм мен терроризм айыптарымен қудалайтыны туралы дәлелдемелерді берді. 2018 жылы маусымда үкімет Қырғызстаннан келген блоггер және белсенді Мұратбек Тұңғышбаевты ұстап берді. Тұңғышбаев бұрынғы банкир және бес миллиард долларды ұрлады деп айыпталып іздеу салынған және Назарбаевтың белгілі сыншысы Мұхтар Әблязов құрған тыйым салынған оппозициялық “Қазақстанның демократиялық таңдау қозғалысының” (ДВК) мүшесі болды. Тұңғышбаев терроризмді насихаттау қылмысымен 12 жылға дейін түрмеге қамалған; ол есеп беру кезеңінің соңында сотқа дейінгі қамауда болды. 21-желтоқсанда ДВК мүшелері Кенжебек Әбішев, Алмат Жұмағұлов және Оралбек Өміров діни экстремизм мен терроризмді таратқаны үшін сотталды. Әбішевке,

Жұмағұловқа және Өміровке қарсы қозғалған іс үш қарулы маска киген адам ДВК өкілдері екені және ислам жихадына шақырған бейнежазбаға негізделген. Тәуелсіз бақылаушылардың айтуы бойынша, сот процесі барысында бейнематериал күдікті деп анықталып, оларды қауіпсіздік қызметтері жасағанын дәлелдейді. Соған қарамастан, сот ер адамдарды кінәлі деп айыптап, ДВК-ні ислам терроризміне тиімді түрде байланыстырды.

***Қытай қазақтары мен басқа да мұсылмандарды қудалауға мемлекеттің қатысуы:***

Соңғы екі онжылдықта Қазақстан үкіметі 1951 жылғы БҰҰ-ның босқындар туралы Конвенциясын, 1967 жылғы Хаттамасын және депортация жасамаудың халықаралық құқықтық қағидаты бойынша өз міндеттемелерін бұза отырып, этникалық ұйғыр мұсылмандарды Қытайға бірнеше рет жер аударды. Соңғы жылдары Қытай үкіметі өз шекараларында қазақ және басқа да мұсылмандарды белсенді түрде ұстады. Мемлекеттік департамент мәліметтері бойынша, 2017 жылдан бері екі миллионнан астам ұйғыр, қазақ, қырғыз және басқа мұсылмандардың 800 мыңға жуығы тұтқындау лагерінде заңсыз ұсталған. Бұл лагерьлер туралы ақпараттың болуы көп жағдайда этникалық қазақ, Қытайдың солтүстік-батысындағы Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданынан келген, лагерьдегі отандастарына заңгер болып жүрген Серікжан Біләш сияқты қазақстандық белсенділердің жұмысымен байланысты. Қытайда ұсталған кейбір қазақстандық мұсылмандар 2018 жылы босатылып, елде тұруға мәжбүр болғанымен, шамамен 2000 адам Қазақстанға қоныс аударуға рұқсат алды деп хабарланады. Біләш қорғаған этникалық қазақтардың бірі - 2018 жылдың сәуір айында лагерьлердің бірінде сабақ беруге мәжбүр болғаннан кейін қашып кеткен қытайлық азамат Сайрагүл Сауытбай болды. Қазақстандық билік мамыр айында Сауытбайды шекарадан өткенде тұтқындады, бірақ тамыз айында сот оны Қытайға депортациялаудан бас тартты. Есеп беру кезеңінің соңында Қазақстан оған босқандаық беру туралы өтінішін екі рет қабылдамағаннан кейін оның мәртебесі белгісіз болып қалды. Осыған байланысты, 10 наурызда, есеп беру кезеңінен кейін Біләшті оңтүстік Алматы қаласындағы құқық қорғау органдары тұтқынға алды және қайтадан Астанада тұтқынға алынды. Келесі күні оны Сауытбай сияқты этникалық қазақтарды қорғағаны үшін “этникалық араздықты туғызуды” насихаттады деп айыптады. Мұндай оқиғалар халық арасында наразылық туғызды және қарапайым азаматтардың Қазақстан үкіметінің жүйелі түрде елемейтіндігі туралы наразылықтарын жалғастыруға түрткі болды.

***Протестанттық христиандарды қудалау:*** Қазақстандағы христиандар діни мәтіндерді лицензиясыз таратқаны, арнайы тіркеусіз «миссионерлік» дінді талқылағаны және тіркелмеген діни табыну жиналыстарын өткізгені үшін жиі айыппұл салынады. Баптистік кеңестің шіркеулеріне жататын шіркеулер посткеңестік кеңістіктегі кез келген мемлекетте тіркеу туралы заңдарды орындамай, азаматтық бағынбаушылықты жүзере асыруда. 2018



жылы христиандарға діни жиналыстарды өткізу, ұстау немесе қатысу үшін жіберілген сегіз әкімшілік айыптаулардың жетеуінде Баптистік кеңестің шіркеулері айыпталды.

2018 жылдың соңында полиция Алматыдағы Баптистік кеңестің шіркеулеріне рейд жасады; полиция қызметкерлері барлық қатысушыларды бейнеге түсіріп, діни әдебиеттерді “сараптамалық талдау” үшін тәркіледі. Пастор Эдуард Нейфельд рұқсатсыз жиналысты өткізу және “дінтану саласындағы сараптаманың оң бағасын” алмаған діни материалдарды таратуына қатысты дін туралы заң бұзғаны үшін айыпталды. 2019 жылы 28 қаңтарда есеп беру кезеңінен кейін Пастор Нейфельдке 667 АҚШ долларына тең немесе шамамен орташа екі айлық жалақы көлеміне тең айыппұл салынды. Келесі бірнеше аптада полиция Баптистік кеңестің шіркеулерінің тағы екеуіне шабуыл жасады және олардың тіркелмеген кездесулері үшін ұқсас көлемде айыппұл салды.

Ресми түрде тіркелген шіркеу болу билік тарапынан қудаланбауға кепіл болмайды. 2018 жылы 25 ақпанында полиция бала бар екендігі хабарланды деп Қызылордадағы протестанттық Жаңа өмір шіркеуіне шабуыл жасады. Олар шіркеудің тіркелгенін көрсетуді талап етті, ғимаратты сары лентамен қоршап алды, барлық қатысушыларды камераға түсірді, адамдарға кетуге рұқсат етілмеді. Қызметкерлер барлық балалар өз ата-аналарын көрсетуді талап етті. Әр мүше шіркеуге неге келгендерін, қашан келе бастағандарын, бұлай жасауға біреудің мәжбүрлеген немесе мәжбүрлемегенін, қандай да бір діни әдебиет оқығаны-оқымағаны туралы түсіндіретін мәлімдеме жазуға міндетті болды. 20-ға жуық адам полиция учаскесіне барып, бірнеше сағат бойы жауапқа алынды. Діни әдебиет, соның ішінде пастордың Киелі кітабы, ресми цензорлармен бекітілгеніне қарамастан алынып қойылды. Пасторды есірткі сынау орталығына апарды және полиция учаскесінде жауап алу алдында алкогольдік сынақтан өтуге мәжбүр болды. Оны заңмен рұқсат етілген мерзімнен екі есе асып кеткен алты сағатқа күттіріп қойды және 10 жылға дейін түрмеге қамалуға әкеп соғатын “араздықты қоздыруғаны” үшін айыпталды. Кейін айыптарды алып тастады.

30 наурызда Батыс Қазақстандағы дін істері басқармасының қызметкері жергілікті христиан топтарының басшыларына хат жолдады, олардың барлығы ресми тіркелген. Хатта барлық кәмелетке толмаған мүшелердің аты-жөндері, жастары, оқу орындары және барлық кәмелетке толмағандардың мемлекеттік жеке сәйкестендірме нөмірлері талап етілді. Деректер ресми зерттеу және “бақылау” үшін қажет деп мәлімделді және тек христиан топтары ғана іріктелді.

***Иегова Куәгерлері:*** Иегова Куәгерлері 2018 жылы жағдайдың жақсарғанын мәлімдеді. Топ Қазақстанда заңды болып қалды және қауымдар тіркеле алды. Прозелитизм айналысатын басқа да діни ұйымдар сияқты, Иегова куәгерлері бұрынғы уақытта рұқсат етілмеген миссионерлік қызмет үшін қудаланған. 2017 жылы қаңтарда Тимур Ахмедов

жасырын полиция информаторларына өзінің наным-сенімдері туралы талқылағаны үшін тұтқындалды. 2017 жылы 2 мамырда оған тоқ ішектің қатерлі ісігі диагнозы қойылғанына қарамастан, бес жылға бас бостандығынан айырылды. 2017 жылы қазанда және қайтадан 2018 жылы қаңтарда БҰҰ-ның жұмыс тобы Ахмедовты заңсыз ұстағаны үшін тез арада босатуды және оның ауруханада тиісінше емделуін [талап етті](#) . 2018 жылы 4 сәуірде Назарбаев оған толық президенттік кешірім бергенге кейін оны түрмеден шығарды.

**Басқа діни азшылық топтар:** Орыс Православие шіркеуі Қазақстан үкіметімен жақсы қарым-қатынасты ұстанған және әсіресе солтүстіктегі орыс азшылықтардың арасында күшті қолдау бар. Белгілі православиелік діни қызметкерлер сөздері бойынша Назарбаевты қолдайды, ал президент жыл сайынғы православиелік Рождествода теледидарда берген сұхбатымен Қазақстанның тарихи дамуының бірегей көпконфессионалды сипатын көрсетеді. Украин православиелік шіркеуіне берілген жақындағы дербестігі туралы (автокефалия) айтсақ, Қазақстан сенатының Төрағасы Қазақстандағы православиелік шіркеуінің махаллалары біріктірілгенін және дербестікке қажеттілік жоқ деп мәлімдеді.

Бұдан басқа, Қазақстан үкіметі Ватиканмен жақсы қарым-қатынасты сақтап қалды, ал католиктер - тіркеуден босатылған жалғыз діни топ. Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін Ватиканға “діндер арасындағы диалогқа қосқан үлесі” үшін марапатты ұсынудан бастады. Қазақстандағы басқа да діни азшылықтар съезде елде қолданатын мәртебесін көрсете білді. Қатысушылар арасында Буддисттердің дүниежүзілік съезінің вице-президенті Чойжилжавин Дамбажав, Израильдің Бас Ашкеназий раввині Дэвид Лау, Израильдің бас сефард раввині Ицжак Йосеф және ирандық шейіт белсендісі Мохсен Араки болды.

## **АҚШ саясаты**

Кеңес Одағының ыдырауынан кейін Америка Құрама Штаттары Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы ел болды, ал қазір ол - Қазақстан экономикасында ең ірі тікелей шетелдік инвестордың бірі. Тәуелсіздік алған соң, Қазақстанда ядролық қарудың әлемдегі ең үлкен қорлары болды, оның аумағында орналастырылған 1410 стратегиялық ядролық оқтұмсықтар және тактикалық ядролық қарулардың нақты белгісіз саны болды. 1994 жылға қарай мемлекет Батыспен қатынасты жақсарту үшін олардың барлығын алмастырды. Америка Құрама Штаттарымен негізгі екі жақты мәселелерге Ауғанстанды тұрақтандыру шаралары мен ядролық қаруды таратпау саясаты тәрізді аймақтық қауіпсіздік жатады. 2018 жылы Қазақстан мен АҚШ, әлеуетті нығайту бағдарламалар арқылы әскери ынтымақтастықты күшейту үшін төртінші бесжылдық жоспарға қол қойды. Қазақстандағы АҚШ ХДА (USAID) бағдарламалары азаматтық қоғамды қолдауға көмектеседі, ақпаратқа қол жетімділікті арттырады, азаматтық ынталы

топтарды нығайтады, тәуелсіз сот билігін көтермелейді және адам құқықтарын қорғауды ынталандырады. АҚШ ХДА сондай-ақ, Қазақстан үкіметімен азаматтық қоғамдық серіктестік қатынастарды қалыптастыруға көмектеседі.

16 қаңтар, 2018 жылы президент Дональд Дж. Трамп президент Назарбаевты Ақ үйде қабылдады, онда олар екі ел арасындағы сауда және экономикалық байланыстарды жақсарту туралы [талқылады](#). 17 қаңтарда вице-президент Майкл Пэнс Назарбаевпен кездесті және азаматтық бостандықтарды құрметтеудің, “әсіресе діни бостандықтарды қорғау бойынша міндеттемелерді орындаудың” маңыздылығын атап өтті. Мемлекеттік хатшының орынбасары Джон Дж. Сулливан бұл хабарламаны 2018 жылы шілде айында Вашингтонда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановпен [кездескен](#) кезде қайталады және діни еркіндікті талқылады.

2018 жылы АҚШ елшілігінің өкілдері Қазақстан үкіметімен кездесті және діни сенім бостандығын құрметтеуге шақырды, үкімет тарапынан діни қудалаудың теріс әсеріне қатысты алаңдаушылық мәселелрін көтерді және зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы тұруда дін бостандығының рөлін ерекше атап өтті.